

Азаматтық авиация саласындағы қызметтерді сертификаттау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1187 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 қыркүйектегі N 891 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.26 N 891 Қаулысымен.

"Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңы 4-бабының 7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық авиация саласындағы қызметтерді сертификаттау ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 жылғы

1 1

қ а р а ш а д а ғ ы

N 1 1 8 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Азаматтық авиация саласындағы қызметтерді
сертификаттау ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Азаматтық авиация саласындағы қызметтерді сертификаттау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңына , "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын тиісті халықаралық шарттар ескеріле отырып, азаматтық авиация саласындағы өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес әзірленді.

2. Ереже азаматтық авиация саласындағы қызметтерді сертификаттауды ұйымдастырудың және жүзеге асырудың тәртібін белгілейді.

3 . Қ ы з м е т т е р д і ң :

- 1) әуеайлаққа техникалық қызмет көрсету, оны ұстау және жөндеу жөніндегі;
- 2) ұшуды жарық техникалық қамтамасыз ету және әуежай, әуеайлақ, аэронавигация объектілерін энергиямен жабдықтау жөніндегі;
- 3) азаматтық әуе кемелерін, әуежайдың объектілері мен қызметтерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы сұйықтықтармен қамтамасыз ету жөніндегі;
- 4) азаматтық әуе кемелерін, жолаушыларды қабылдау, жөнелту және оларға қызмет көрсету, қол жүктерін, жүктерді, почтаны өңдеу жөніндегі;
- 5) азаматтық әуе кемелерін және басқа тұтынушыларды арнайы автокөлік құралдарымен қамтамасыз ету жөніндегі түрлері сертификаттауға жатады.

4. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) өтінім - өтініш берушінің сертификаттық тексеру рәсімінен өту үшін уәкілетті органға жазбаша түрде жүгінуі;
- 2) өтініш беруші - азаматтық авиация саласындағы қызметтерге сәйкестік сертификатын (бұдан әрі - Сертификат) алу үшін уәкілетті органға өтініш беретін және олардың сапасы мен қауіпсіздігіне жауап беретін жеке немесе заңды тұлға;
- 3) сертификаттық талаптар - қызметтердің адамдардың өмірі мен денсаулығы, олардың мүлкі үшін қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін, азаматтық авиация саласындағы нормативтік құжаттармен немесе техникалық регламенттермен белгіленген талаптар;
- 4) сертификаттық тексеру - уәкілетті орган жүзеге асыратын азаматтық авиация саласында қызметтер көрсету жөніндегі құралдардың, жабдықтардың, пайдалану рәсімдерінің, технологиялық процестердің, құжаттаманың, ұйымдастырушылық құрылымның, сондай-ақ қызметкерлер құзыреттілігінің сертификаттау талаптарына сәйкестігін тексеру.

5. Қызметтердің адамдардың өмірі мен денсаулығы, азаматтардың мүлкі үшін қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету азаматтық авиация саласындағы қызметтерді сертификаттаудың мақсаты болып табылады.

6. Өтініш берушілер көрсететін азаматтық авиация саласындағы осы Ереженің 3-тармағында белгіленген қызметтер сертификаттауға жатады.

7. Сертификат иеліктен айрылмайтын болып табылады және ол басқа адамға берілмейді.

Сертификат саласы мен қолданылу мерзімі көрсетіле отырып, үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.

8. Сертификаттың, оған қосымшалардың, қызметтерге сертификаттау жүргізуге өтінімдердің, өтінім бойынша шешімдердің, сертификаттық тексеру актісінің нысандары және оларды ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасы мемлекеттік сертификаттау жүйесінің (бұдан әрі - ҚР МСЖ) нормативтік құжаттарымен белгіленеді.

2. Сертификаттауды жүргізу тәртібі

9. Азаматтық авиация саласындағы қызметтердің оларға қойылатын талаптарға сәйкестігін растау сертификаттау жүргізу кезіндегі рәсімдердің мынадай дәйектілігін көздейді:

1) өтініш берушінің уәкілетті органға сертификаттық талаптарға сәйкестікте растайтын құжаттармен бірге өтінім беруі;

2) алдын-ала бағалау және өтінім бойынша шешім қабылдау;

3) уәкілетті орган мен өтініш беруші арасында сертификаттау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге шарт жасасу;

4) уәкілетті орган комиссиясының тиісті жерге барып сертификаттық тексеруді жүргізуі;

5) шешім қабылдау және Сертификатты беру (беруден бас тарту).

Әрбір кейінгі рәсім алдыңғы рәсімнің оң нәтижелері жағдайында орындалады.

10. Өтінімге қоса берілетін қажетті құжаттардың тізбесін және азаматтық авиация саласындағы қызметтер түрлеріне қойылатын сертификаттық талаптарды және өтініш берушіге қойылатын талаптарды уәкілетті орган белгілейді.

11. Уәкілетті орган оны алған күнінен бастап, 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өтінімді қарайды және қараудың нәтижелері туралы осы Ереженің 8-тармағына сәйкес белгіленетін нысан бойынша өтініш берушіге хабарлайды.

12. Егер өтінім және (немесе) оған қоса берілген құжаттар осы Ереженің 10-тармағына сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келмесе немесе толық көлемде ұсынылмаса, қайтарылудың негізделген себептері көрсетіле отырып, осы Ереженің 11 тармағына сәйкес белгіленген мерзімде өтінім қайтарылуға жатады.

13. Өтінім бойынша ескертпелер болмаған жағдайда (ескертпелер жойылғаннан кейін) уәкілетті орган өтінім бойынша шешім шығарады және сертификаттық тексеру жүргізу үшін комиссия (бұдан - әрі комиссия) құрады.

14. Уәкілетті органның өтінім бойынша оң шешім қабылдауы сертификаттауды жүргізуге шарт жасасу үшін негіздеме болып табылады.

15. Сертификаттаудың жалпы мерзімі өтінім берілген күннен бастап 3 (үш) айдан аспауы тиіс.

3. Өтінім бойынша алдын ала бағалау және шешім қабылдау

16. Өтінімді алдын ала бағалау кезінде:

1) өтініш берушінің заңды мәртебесін растайтын құжаттардың болуы;

2) өтініш берушінің осы Ереженің 10-тармағына сәйкес белгіленетін нормативтік талаптарға сәйкестігі;

3) өтініш берушінің сертификаттауға ұсынылған қызметтердің деңгейі мен

көлемін қамтамасыз етуге қабілеттілігі;

4) ұшу қауіпсіздігін, авиациялық қауіпсіздікті, еңбекті қорғау мен өрттен қорғауды қамтамасыз ету үшін қажет ғимараттардың, құрылыстардың, жабдықтың, техниканың, құжаттаманың және білікті қызметкерлердің болуы;

5) қарауға ұсынылған сертификаттық талаптарға сәйкестікті растайтын құжаттаманың толықтығы;

6) инженерлік-техникалық және басшы персоналды оқыту мен оларды техникалық жағынан даярлау, олардың біліктілігін көтеру жоспарының, сондай-ақ штатты жинақтау және кадрлар резервін дайындау жоспарларының болуы белгіленеді.

17. Өтінімді алдын-ала бағалау барысында уәкілетті орган:

1) өтініш берушіден өтінімде ұсынылған барлық мәселелер бойынша қосымша ақпарат сұратуы мүмкін;

2) оларға сәйкестікке азаматтық авиация саласындағы қызметтер сертификатталатын сертификаттау рәсімдері, нормативтік талаптар туралы өтініш берушіні хабардар етеді;

3) өтініш берушінің қызметкерлері штатының жинақталуы мен даярлау жүйесі мәселелерін қарайды;

4) өтініш берушіге Сертификатты беру кезінде қандай пайдаланымдық және техникалық шектеулердің белгіленуі мүмкін екендігін түсіндіреді;

5) өтініш берушіге өтінімді алдын-ала бағалау барысында анықталған кемшіліктердің тізбесі мен оларды жою жөніндегі ұсынымдары бар жазбаша хабарламаны жібереді.

4. Сертификаттық тексеру

18. Сертификаттық тексеру ұсынылған қызметтердің түрлеріне қатысты жүргізіледі.

Б ұ л р е т т е :

1) азаматтық авиация ұйымын (өтініш берушіні) басқарудың ұйымдық құрылымы, практикасы мен негізгі қағидаттары;

2) азаматтық авиация ұйымының қызметін ұйымдастыру және қамтамасыз етудегі басшы құрамының тәжірибесі, сондай-ақ басшы құрам мен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты мамандар жөніндегі деректердің болуы;

3) қызметкерлер штатының толықтығы және оларды даярлау жүйесі;

4) өтініш берушінің тиісті арнайы жабдықты пайдалану құқығына, техникалық қызмет көрсетуге, жөндеуге және бақылауға, сондай-ақ авиациялық персоналды оқытуға басқа ұйымдармен жасасқан шарттарының болуы;

5) функционалдық міндеттерді қамтамасыз етуге арналған өндірістік алаңдардың жеткілікті мөлшерінің болуы;

- 6) пайдалану техникалық құжаттамасының болуы;
- 7) азаматтық авиация ұйымы объектілерінің, жабдығының және өндіріс құралдарының техникалық сипаттамалары (көрсеткіштері) және ұсынылатын қызметтердің сертификаттық талаптарға сәйкестігін айқындауға мүмкіндік беретін өндіріс рәсімдерін тексеру;
- 8) қызметтің мәлімделген салалары мен сипаттамалары бойынша қызметтер ұсынудың толықтығы мен сапасы қарастырылады.

19. Сертификаттық тексерудің мерзімі өтініш бойынша шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

20. Сертификаттық тексеру уәкілетті орган бекітетін сертификаттық тексерудің үлгілік бағдарламасына сәйкес жүргізіледі.

21. Сертификаттық тексерудің нәтижесі бойынша өтініш беруші объектілерінің іс жүзіндегі жай-күйі, тұжырымдар, ұсыныстар және сертификат беру мүмкіндігі (мүмкін еместігі) туралы қорытынды көрсетіле отырып, осы Ереженің 8-тармағына сәйкес белгіленген нысан бойынша сертификаттық тексеру актісі (бұдан әрі - акт) жасалады. Актіге комиссияның барлық мүшелері қол қояды және ол танысу үшін өтініш берушіге беріледі.

22. Сертификатты беру мүмкіндігі туралы қорытындысы бар сертификаттық тексеру актісі сертификатты беру үшін негіздеме болып табылады.

Азаматтық авиация саласындағы тиісті қызметтерге арналған сертификатты ресімдеуді уәкілетті орган сертификаттық тексеру актісі жасалғаннан кейінгі 10 (он) күннің ішінде қызметтердің әрбір түрі бойынша жеке жүргізеді.

23. Сертификатты беруден бас тарту, қолданысын тоқтату, қайтарып алу немесе күшін жою ҚР МСЖ нормативтік құжаттарымен реттеледі.

5. Сертификатқа өзгерістер енгізу және телнұсқа беру

24. Азаматтық авиация ұйымының атауы, оның ұйымдық-құқықтық нысаны өзгерген және сертификаттық талаптарға сәйкес келмеуге соқтырмайтын басқа да өзгерістер болған жағдайда, сертификатқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

Сертификатқа өзгерістер енгізу кезінде бұрын берілген сертификаттың нөмірі сақталады, ал, мемлекеттік тізілімнің "Қызметтерге сәйкестік сертификаттары тізілімінде" бұл туралы тиісті жазба енгізіледі.

25. Сертификат бүлінген немесе жоғалған (ұрланған) жағдайда сертификаттың телнұсқасын уәкілетті орган береді.

26. Сертификатқа өзгерістер енгізу немесе телнұсқа алу үшін азаматтық авиация ұйымы уәкілетті органға қажетті негіздемесімен, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен бірге еркін нысандағы өтініш және бұрын берілген сертификатты (жоғалған немесе ұрланған жағдайлардан басқа) береді.

27. Уәкілетті орган өтініш берушіден өтініш келіп түскен күннен бастап 7 күн

ішінде сертификаттың телнұсқасын береді.

28. Сертификатқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе телнұсқа алу үшін өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

6. Сертификатталған қызметтерді инспекциялық бақылау

29. Азаматтық авиация саласындағы сертификатталған қызметтердің белгіленген талаптарға сәйкестігін инспекциялық бақылауды уәкілетті орган сәйкестік сертификат қолданылуының бүкіл мерзімі ішінде, бірақ кемінде жылына бір рет мерзімдік және жоспардан тыс тексерулер нысанында жүзеге асырады.

Жоспардан тыс инспекциялық бақылау көрсетілетін сертификатталған қызметтердің сапасына наразылықтар туралы ақпарат бірнеше мәрте түскен жағдайларда жүргізіледі.